

ХАТТАМА №4

«Мінез-құлық ережелері немесе мен не істеуім керек»

білім беру жағдайлары

Тәрбиеленушілермен жұмыс

Күні: 19.03.2023 жыл

Комиссия төрағасы: З.К. Саттарова – директор

Хатшы: А.К. Ескараева - тәрбиеші

Қатысқаны: 21 адам

Күн тәртібі: Балалардың мінез құлқы, қауіпсіздігі туралы мәлімет беру.

Өтілу түрі: кеңес

Сөзге шықты: Әдіскер Л.П. Шакирбаева сөз алды.

Бала мінез-құлық ережелерін білсе - ол оның адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады, достарымен қарым-қатынасын күшейтеді. Ережелер балаға қажетті іс-әрекет бағдарын береді.

Тәртіп ережелерінің басты шарты - күн тәртібін бұлжытпай орындау (тамақ ішуге уақытында отыру) өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары (тамақ жеу, жеңін түріп қолын жуу, ұйықтар алдында шешіну, оны мұқият үстелге ілу). Осы дағдыларды меңгеру-баланың қызығушылығын тудырады, бір нәтижеге жетуге жетелейді.

Дағдыларды өз бетінше меңгере отыра бала бойында сенімділік пайда болады, достарымен емін-еркін байланысқа түседі, оларға көмектесуге әрқашан дайын болады. Ойынды ұйымдастыру қабілеті артады, ойын ережелерін тез ұғып алады.

Мектепке дейінгілердің аса қабылдағыштығын ескере отырып, олардың жағымды үлгі-өнеге көруіне көңіл бөлу қажет. Мінез-құлық ережелері ұйымшылдықтың дамуын қалыптастырады. Ережелерді сақтаған жағдайда дау-жанжал сирек кездеседі.

Террорлық акт кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері бәріне пайдалы болуы мүмкін, сондықтан оларды зерттеп, қажет болған жағдайда оларды орындаған жөн.

Шешім: Мінез-құлық ережелері үйрету жалғасып, бала қауіпсіздігі ережелерін іске асыру жандандырылысын.

Комиссия төрағасы:



З. К. Саттарова

Хатшы:



А. К. Ескараева